

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 8 желтоқсандағы N 200

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; 1997 жылғы 16 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

мынадай мазмұндағы 165-2-баппен толықтырылсын:

"165-2-бап. Фискалды зердесі бар бақылау-касса  
аппараттарын қолдану тәртібін бұзы

Фискалды зердесі бар бақылау-касса аппараты қолданылмай не салық органында тіркелмеген фискалды зердесі бар бақылау-касса аппаратын қолданып, не фискалды емес режимдегі фискалды зердесі бар бақылау-касса аппаратын қолданып, тауарлар сату немесе қызмет көрсету -

қырық еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуға әкеп соқтырады.

Фискальды зердесі бар бұзылған бақылау-касса аппаратын қолданып тауарлар сату немесе қызмет көрсету -

жиырма еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.

Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әрекеттер

әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса -

алпыс еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.

Сатып алушыға (клиентке) кассалық чекті бермеу не тауарлар (қызмет) үшін төленгенінен азырақ немесе көбірек сомага кассалық чек беру -

сатып алушыға (клиентке) қызмет көрсеткен адамға айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшеріне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соқтырады.";

237-7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"237-7-бап. Салық қызметі органдары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдары осы Кодекстің 165, 165-1, 165-2, 169-171 (169-4, 170-2, 170-3, 170-4-баптарын қоспағанда), 173-1-баптарында көзделген әкімшілік

құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды. Экімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарап, әкімшілік айыппұлдар салуға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы, төрағаның орынбасарлары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық полициясы департаментінің директоры мен директорының орынбасарлары, облыстар мен Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің төрағалары мен төрағаларының орынбасарлары, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің төрағалары, облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық полициялары басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарлары, салық полициялары ауданараптық (аймақтық) бөлімдерінің бастықтары мен аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициялары бөлімдерінің бастықтары құқылы." ;

248-1-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасының жиырма сегізінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"қаржы органдары, салық қызметі органдары (165, 165-1, 165-2, 169-171, (169-4, 170-2, 170-3, 170-4 баптарды қоспағанда) 173-1 баптар), қазынашылық органдары (167-1-

бап);".

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Зан күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 жылғы 17 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

24-баптағы "оларға" деген сөз "оған" деген сөзben ауыстырылсын.

72-баптың екінші бөлігіндегі "қатысуышылары" деген сөз "қатысуышы" деген сөзben ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; 1997 жылғы 9 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 17 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

Жарлықтың мәтініндегі "(патенттің)", "(патенттер)", "(патент)" деген сөздер алып тасталсын;

5-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

5-баптың 3-тармағындағы "соның ішінде патенттер нысанында" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ 2-тармақ болып есептелсін;

6-баптың бірінші бөлігінде "оның ішінде патент түрінде" деген сөздер алып тасталсын;

22-баптың 2-тармағындағы "Патент", "қайтарып алынуы" деген сөздер тиісінше "Лицензия", "қайтарылып алынуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 110-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; 1997 жылғы 9 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңы; 1997 жылғы 17 шілдедегі "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 1997 жылғы 31 қазанда "Егемен Қазақстан" және 1997 жылғы 1 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Заң қүші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" 1997 жылғы 30 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

Жарлықтың мәтініндегі "Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен тиісті септікте ауыстырылсын;  
1-баптың 1-тармағындағы "Қаржы министрлігімен келісілген

Мемлекеттік салық комитетінің" деген сөздер "Қаржы министрлігі Салық комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бапта:

баптың атауы "салық" деген сөзден кейін "және алым" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ "жалпымемлекеттік салық" деген сөздерден кейін "және алым" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "салық" деген сөзден кейін "және алым" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта:

бірінші сөйлем "қандай да бір салықтан" деген сөздерден кейін "және алымнан" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлемде "салық женілдіктері" деген сөздер "салықтар мен алымдар бойынша женілдіктер" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алымдар;";

5-бапта:

4) тармақша "жарналар" деген сөзден кейін "қатысушының (акционердің) өз мүлкі" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақшада:

г/ тармақшасы "бұған ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сату кезінде инфляцияға орай түзетулерді ескерген жағдайдағы құнның өсімінен түскен табыс қосылмайды" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшасы алып тасталсын;

и) - н) тармақшалары тиісінше з) - м) тармақшалары болып есептелсін;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын;

"12) "есептеу әдісі" - салық есебінің әдісі, төлем жасау

уақытына қарамастан табыс пен ұстап қалу жұмыс орындалған, қызмет көрсетілген, сату және кіріске енгізу мақсатымен мүлік түсірілген кезден бастап сол бойынша есепке алынады;";

18) тармақшадағы "ең төменгі айлық жалақыдан" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштен" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"27) "күмәнді талаптар" - өнімді сату (жұмыс орындау, қызмет көрсету) нәтижесінде пайда болған және табыс есептелген кезден бастап екі жыл бойы қанағаттандырылмаған талаптар;";

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) қаржылық қызмет көрсету:

а) банк операциялары;

б) бағалы қағаздармен жүргізілетін операциялар;

в) сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі операциялар;

г) чектермен, вексельдермен, депозиттік сертификаттармен жүргізілетін операциялар;";

30) тармақшадағы "төленетін" деген сөз "есептелген" деген сөзben ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 37) - 43) тармақшалармен толықтырылсын:

"37) "патент" - салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін оңайлатылған салық режимін белгілейтін құжат;

38) "іске асыру" - жұмыс орындау, қызмет көрсету, сату, айырбастау, тегін беру мақсатымен тауар тиеп жөнелту, сондай-ақ кепілге берілген тауарларды кепіл

ұстаушының меншігіне беру;

39) "қатысу үлесі" - акционерлік қоғамдарды қоспағанда, бірлесіп құрылатын ұйымдарға, консорциумдарға занды және жеке тұлғалардың мүлікпен үлес қосып қатысу;

40) "ағымдағы активтер" - N 2 Бухгалтерлік есеп стандартында белгіленген активтер;

41) "ұзақ мерзімді активтер" - N 2 Бухгалтерлік есеп стандартында белгіленген активтер;

42) "алыс-беріс шикізат" - дайын өнім етіп өндіре мақсатымен меншік иесінің дайындаушыға берген өнімі;

43) "өзіндік құн" - тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетуді

сатып алуға, өндіруге және сатуға байланысты шығындар.";

6-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік салық комитетінің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-бапта:

3) тармақшада:

бірінші азатжол алғып тасталсын;

он бірінші азатжолдағы "қарызды" деген сөз "талаптарды" деген сөзben ауыстырылсын;

3) тармақшаның азатжолдары тиісінше 3) - 14) тармақшалар болып есептелсін;

13-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сату кезінде инфляцияға орай түзетулер ескеріле отырып құнның өсімінен түскен табыс";

мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) занды тұлға-резидентке қатысу үлесін сатудан жеке адамдар алған, 15 процент түпкілікті ставка бойынша салық салынатын табыс;

7) меншігіндегі акциялар құнының оларды бағалы қағаздаррында алғашқы орналастыру кезінде эмитент алған акциялардың нақты құнинан артығы;

8) шаруашылық жүргізуши субъектілердің кәсіпкерлік қызметке қатысы жок, шаруашылық жүргізуши субъектінің таза табысы есебінен алған, 15 процент ставка

бойынша салық салынатын тікелей және жанама табыстары.";

16-баптағы "кредиттер бойынша 50 процент" деген сөздер "кредиттер бойынша 100 процент" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-бапта:

баптың атандай мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Күмәнді талаптар бойынша шегерім жасау";

баптың мәтініндегі "борыштары", "борыштарға" және "күмәнді борышы" деген сөздер тиісінше "талаптары", "талаптарға" және "күмәнді талабы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ең төменгі айлық жалақыдан" деген сөздер "айлық

есептік көрсеткіштен" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Аталған қордың қаражаты кейін жер қойнауын пайдаланушылар кен орындарын өндеу зардаптарын жою жөніндегі жұмыстарды орындаған жағдайда пайдаланатын етіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіп пен шарттар бойынша арнаулы депозиттік шотқа міндетті түрде есептелуге тиіс.";

20-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Амортизацияға жататын негізгі құрал-жабдықтар амортизациялаудың мынадай шекті нормаларымен топтарға бөлінеді:

Топ нөмірі	Мұліктің атандай шекті нормасы, процент есебімен	Амортизацияның 3
1	Компьютерлер, шеткі құрылғылар және деректерді өндеу жөніндегі жабдықтар	30
2	Труба құбырлары; мұнай-газ құбырлары, пайдалы қазбаларды өндіру мен өндеу үшін пайдаланылатын жабдықтар, машиналар мен тетіктер	25
3	Жолдарда пайдалануға арналған автотрак.	

тор техникасы; арнайы аспаптар, құрал-  
саймандар мен керек-жарақтар                  20

- 4 Жеңіл автомобильдер; такси.  
Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы:  
жүк автомобильдері, автобустар, арнаулы  
автомобильдер мен автотіркемелер.  
Машиналар мен жабдықтар:  
өнеркәсіптің барлық салалары, құю  
өндірісі үшін;  
ұста-пресс жабдықтары;  
электрондық жабдықтар;  
құрылыш жабдықтары;  
ауыл шаруашылық машиналары мен  
жабдықтары.  
Офиске арналған жиһаз                  15
- 5 Басқа топтарға енгізілмеген амортизация.  
ланатын активтер                  10
- 6 Темір жол, теңіз және өзен еөлік құралдары.  
Қуат машиналары мен жабдықтары:                  8  
жылу-техникалық жабдықтар,  
турбиналыш жабдықтар,  
электр двигательдері және дизель  
генераторлары.  
Электр тарату және байланыс құрылғылары
- 7 Үйлер, ғимараттар, құрылыштар                  7

---

Салық төлеушілер өз қалауы бойынша кез келген салық жылында

амортизацияның өзге нормаларын қолдануға құқылы, бірақ бұл шекті  
нормалардан аспауға тиіс.";

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар бойынша жүзеге асырылған" деген сөздер "салық төлеушілер өз бетінше жылына бір рет инфляция деңгейінің шегінде жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке адамның салық салынатын табысина мынадай ставкалар бойынша салық салынуға тиіс:

---

1) 15 еселенген жылдық есептік салық салынатын табыс сома.

көрсеткішке дейін сынан 5 процент

---

2) 15 еселенгеннен 30 еселенген 15 еселенген жылдық есептік

жылдық есептік көрсеткішке көрсеткіштен алынатын салық  
дейін сомасы + одан асатын соманың

10 проценті

---

3) 30 еселенгеннен 65 еселенген 30 еселенген жылдық есептік

жылдық есептік көрсеткішке көрсеткіштен алынатын салық  
дейін сомасы + одан асатын соманың

15 проценті

---

4) 65 еселенгеннен 130 еселенген 65 еселенген жылдық есептік

жылдық есептік көрсеткішке көрсеткіштен алынатын салық  
дейін сомасы + одан асатын соманың

20 проценті

---

5) 130 еселенгеннен 350 еселенген 130 еселенген жылдық есептік

жылдың есептік көрсеткішке көрсеткіштен алынатын салық  
дейін сомасы + одан асатын соманың

25 проценті

---

6) 350 еселенген жылдық есептік 350 еселенген жылдық есептік

көрсеткіштен бастап және көрсеткіштен алынатын салық  
одан жоғары сомасы + одан асатын соманың

30 проценті

---

Төлем көзінен ұсталатын табыс салығын есептеу салық жылышың

ішінде бірқалыпты (ай сайын) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.";

31-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жарғылық капиталды ұлғайтуға бағытталған таза табыстың бір бөлігіне (әрбір акционердің акциялар үлесін сақтауды есепке алғанда) 15 процент ставка бойынша салық салынбауға тиіс.";

32-бапта:

1-тармақ "занды тұлғаларға" деген сөздерден кейін "резидент-банктерге төленетіндерді қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

3 және 4-тармақтар тиісінше 2 және 3-тармақтар болып есептелсін;

3-тармақта "төленетін" деген сөз "жеке адамдар алған сыйақылар (мұдделер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:

"32-1-бап. Қызметкерлердің тікелей және жанама табыстарына салынатын салық ставкасы

Шаруашылық жүргізуі субъектілер қызметкерлерінің кәсіпкерлік қызметпен байланыссыз, шаруашылық жүргізуі субъектінің таза табысының есебінен алғынған тікелей немесе жанама табыстарына төлем кезінде 15 процент ставка бойынша салық салынады.";

34-баптың 1-тармағында:

1) тармақша "Қазақстан Республикасы Мүгедектердің ерікті қоғамының" деген сөздерден кейін асырауында балалары бар мүгедек-әйелдердің Республикалық қоғамының "Бибі-ана" деген сөздермен толықтырылсын, сондай-ақ "олардың" деген сөзден кейін "акциздеуге жататын тауарларды өндіру мен өткізуден, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) коммерциялық емес үйымдардың демеушілік көмек, кіру және мүшелік журналар, қайырымдылық көмек, аударымдар мен қайырмалдықтар түрінде алған табыстары бойынша, бұл ретте жоғарыда аталған қаражат қайтарылмайтын негізде берілуге тиіс, сондай-ақ қайтарылмайтын етіп берілген мүліктер бойынша;"

8) тармақша "кредиттер бойынша" деген сөздерден кейін "және жеке мұқтаждары үшін тұрғын үйлерді сатып алу мен салуға арнап үш жылдан астам мерзімге жеке адамдарға берілген ипотекалық кредиттер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) - 10) тармақшалармен толықтырылсын:

"9) жабдықтарды кейіннен лизинг алушыға бере отырып, үш жылдан астам мерзімге алынған жаңа технологиялық жабдықтар лизингі бойынша сыйақылар (мұдделер) жөніндегі ұйымдар;

10) айрықша қызмет түрі ауыл шаруашылығына несие беру болып табылатын, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар құрылған кезінен бастап үш жыл бойына.";

45-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ 3-тармақ болып есептелсін;

47-бапта:

баптың атапу "Активтерді" деген сөздің алдынан "Ағымдағы" деген сөзбен толықтырылсын;

баптың мәтіні "Активтерді" және "активтердің" деген сөздердің алдынан "ағымдағы" деген сөздермен толықтырылсын;

48-баптың 3) тармақшасындағы "15 процент ставка бойынша төлем

көзіне салық салынатын" деген сөздер алып тасталсын;

50-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын;

"1) еңбек шарты (келісім-шарты) бойынша немесе мердігерлік (жалдау) шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлғаларға жасалған төлемдерден және жеке адамдарға жасалған басқа да төлемдерден кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды және жеке тұлғалар,";

54-бапта:

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтағы "есептен шығарылған" деген сөздер "қызметін тоқтатқан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ 4-тармақ болып есептелсін;

55-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды тұлғалар мен жеке

адамдар салық төлеушілер болып табылады.";

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, Мемлекеттік салық комитеті" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "және қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрмады" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Кепілге салынған мүлік сатылған жағдайда қосылған құнға салынатын салықты төлеуші кепіл ұстаушы болып табылады.";

56-бап алып тасталсын;

58-бапта:

1-тармақ "бірақ олардың" деген сөздерден кейін "сауда-делдалдық қызмет үшін" деген сөздермен, "төмен болмауы" деген сөздерден кейін "және өндірістік қызмет үшін нақты қалыптасқан шығындардан төмен болмауы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "6" деген сан "4" деген санмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мұліктер бөлінген, жоғалған кезде (табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан пайда болған реттерді қоспағанда), сондай-ақ нормативтерден тыс ысырап болған кезде табиғи монополияшылар үшін осы мұліктің және нормативтерден тыс ысыраптардың құны салық салынатын айналым ретінде қаралады.";

59-баптың 2-тармағындағы "қарыздар" деген сөз "талаптар" деген сөзben ауыстырылсын;

61-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай тауарларды сату, жұмыс атқару немесе қызмет көрсету жөніндегі айналымдар қосылған құнға салынатын салықтан босатылады:

1) жерді иелену мен пайдалану құқығын жалдау, сату немесе үйлерді жалдау және сату; қонақ үйлерде тұрғаны үшін төленген ақыдан, автомобилдерді немесе басқа көлік құралдарын қою мен сақтауға учаскелерді бергені үшін төленген ақыдан, салынған объектінің алғашқы өткізілуінен басқалары;

2) сейфтік операцияларды, инкассацияларды, банкноттар, монеталар және құндылықтар жіберуді, сондай-ақ бағалы қағаздарды сақтау жөніндегі қызмет көрсетуді қоспағанда, қаржылық қызмет көрсету;

3) почта маркалары (коллекциялықтарынан басқалары), таңбаланған конверттер мен ашық хаттар;

4) коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асыратын жұмыстар немесе қызмет көрсету, егер олар: медициналық көмек көрсетумен, балаларды, карттарды және мүгедектерді

қорғау мен әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі қызмет көрсетумен, білім беру, мәдениет, дene тәрбиесі мен спорт саласындағы қызмет көрсетумен, діни ұйымдарда салт-жоралғылар мен рәсімдер өткізумен байланысты болса;

5) мемлекеттік баж алуға байланысты оған уәкілдік берілген органдар көрсететін қызмет;

6) жерлеу-рәсімдік қызмет көрсету, зираттардың және крематорийлердің қызмет көрсетуі;

7) геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстары;

8) лотерея билеттерін өткізу бойынша айналымдар, бұған оларды сату жөніндегі қызмет көрсету қосылмайды;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын тауарлар сату, жұмыс орындау және қызмет көрсету бойынша айналымдар;

10) Қазақстан Республикасы Мүгедектердің ерікті қоғамы, Асырауында балалары бар мүгедек-әйелдердің республикалық қоғамы "Бибі-Ана", Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдардың тауарлар сату (жұмыс орындау, қызмет көрсету) бойынша айналымдары, бұған сауда-делдалдық қызметіндегі тауарлар сату (жұмыс орындау, қызмет көрсету) жөніндегі айналымдар және акцизделетін тауарларды өндіру мен сату жөніндегі айналымдар қосылмайды;

11) тауарларды немесе жолаушыларды халықаралық тасымалдауға байланысты қызмет көрсету немесе жұмыс атқару бойынша айналымдар;

12) мемлекеттік меншікті жекешелендіру;

13) жарғылық капиталға жарналар;

14) мектеп оқулықтары мен мектеп оқу құралдарын, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарына арналған, уәкілетті орган пайдалануға рұқсат берген оқу құралдарын шығару және сату бойынша айналым;

15) "SOS - Қазақстанның Балалар қалашықтары" қорының ұйымдастырылуына, құрылышына және жұмыс істеуіне байланысты қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының резиденттері сатып алатын тауарлар, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер.

2. Қосылған құнға салынатын салықтан босатылған тауарлардың импорты:

1) ұлттық валютаның, шетел валютасының (numizmatтық мақсатта пайдаланылатындарынан басқасының), сондай-ақ бағалы қағаздардың импорты;

2) осы Жарлықтың 57-бабының ережелеріне сәйкес импортталағын тауарлар;

3) жеке адамдардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тауарларды бажсыз әкелу нормаларына сәйкес нормалар бойынша тауарлар импорты;

4) бюджет қаражаты есебінен сатып алғынатын және мемлекеттік бюджет есебінен үсталатын ұйымдар әкелетін тауарлардың импорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігімен қамсыздандырылған шетел несие желілері

бойынша сатып алынатын тауарлардың импорты;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз мұқтаждары үшін жүзеге асыратын тауарлар импорты;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен, ізгілік көмек ретінде әкелінетін тауарлардың импорты;

7) техникалық көмек көрсетуді қоса алғанда, мемлекет, үкіметтер, халықаралық ұйымдар желісі бойынша қайырымдылық мақсатында әкелінетін тауарлардың импорты ;

8) шетелдік дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің ресми пайдалануы үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысуши болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес босатылатын, өздерімен бірге тұратын отбасы мүшелерін қоса алғанда, осы өкілдіктердің дипломатиялық және әкімшілік-техникалық қызметкерінің жеке пайдалануы үшін әкелінетін тауарлардың импорты;

9) Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін, Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен белгіленген кеден режимдерінің шеңберінде босатылатын тауарлардың импорты, бұған "Еркін айналысқа арналған тауарларды шығару" режимі қосылмайды."

3. Егер салық төлеуші жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды немесе кәсіпорынның дербес жұмыс істеп тұрған бөлігін басқа салық төлеушіге берсе (сатса), мұндай беру (сату) қосылған құнға салынатын салықтан босатылады. Осы ереже жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартпен жасалатын құқықтарды қайта беруге де қолданылады.";

64-бап алып тасталсын;

66-баптың 2-тармағындағы "62-65-баптарында" деген сөздер "62, 63 және 65-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

68-бапта:

2-тармақта:

"осы Жарлықтың 61-бабына сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Нөлдік ставка бойынша айналымы бар салық төлеушінің тауар сатудан (жұмыс атқарудан, қызмет көрсетуден) алынған табысының көлемі оны алумен байланысты шегерімдерге жатқызылатын шығындарынан төмен болған жағдайда қосылған құнға салынатын салықтың өтелетін сомасы жинақталған зиян сомасына кемітіледі.";

3-тармақтағы "күмәнді борыш", "күмәнді борыштың" деген сөздер тиісінше "күмәнді талап", "күмәнді талаптың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "есепте тұратын" және "есепте тұрмайтын" деген сөздер тиісінше "салық төлеушілер болып табылатын" және "салық төлеушілер болып табылмайтын" деген сөздермен ауыстырылсын;

69-бапта:

1-тармақтағы "Қосылған құнға салынатын салық бойынша есепке тұрған" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ алдында тасталсын;

4-тармақтағы "есепке тұрған" деген сөздер "төлеуші болып табылмайтын; деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 5-тармақтар тиісінше 3 және 4-тармақтар болып есептелсін;

70-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ауыл шаруашылық өндірісінде пайдаланылатын тауарлардың импорты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тізбе бойынша жабдықтардың, шикізаттың, материалдардың, қосалқы бөлшектер мен дәрі-дәрмектердің импорты бойынша қосылған құнға салынатын салықты салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және Қаржы министрлігінің кеден комитеті белгілейтін тәртіп бойынша төлейді.";

73-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Есептеуге жатқызылған салық сомасының есепті кезеңге есептелген салық сомасынан артығы қосылған құнға салынатын салық жөніндегі алдағы төлемдердің есебіне есептеледі.

Нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымы бар салық

төлеушілерге мұндай сома салық қызметі салық төлеушінің арызын алған кезден бастап 90 күн ішінде қайтарылады.

Егер өткен есепті кезеңде есептеуге жатқызылған салық сомасының есептелген салық сомасының артығы пайда болса және егер нөлдік ставка бойынша салық салынатын айналымы бар салық төлеуші салық органына қосылған құнға салынатын салық сомаларын қайтару туралы арыз бермесе, аталған артығы есепті кезеңнен кейінгі кезеңге есептеледі.";

76-баптың 1-тармағында:

14) -17) тармақшалар алдында тасталсын;

22) тармақша "газ конденсатын қоса алғанда" деген сөздермен толықтырылсын;

18) - 23) тармақшалар тиісінше 14) - 19) тармақшалар болып есептелсін;

79-бапта:

4-тармақ алдында тасталсын;

5-тармақ 4-тармақ болып есептелсін;

83-бапта:

бірінші бөлік "(өндөлмеген мұнайды қоспағанда)" деген сөздерден кейін "және спирттің барлық түрін" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлік 1-тармақ болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 2, 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"2. Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген өндөлмеген мұнайды өндірістік үқсатуға беру кезінде акциз оны берген кезде төленеді;

3. Ішкі өндіріс үшін сатып алынған акциздік алым маркалары жоғалған және бүлінген жағдайда табиғи сипаттағы төтенше оқиғалардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, акциз мәлімделген түр-түрі мөлшерінде төленеді;

4. Акциздеуге жататын өнім жоғалған және бүлінген жағдайда

табиғи сипаттағы төтенше оқиғалардың салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, акциз толық мөлшерінде төленеді.";

86-баптың 2-тармағында:

5) тармақша алып тасталсын;

6) және 7) тармақшалар тиісінше 5) және 6) тармақшалар болып есептелсін;

V бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"V бөлім. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алынатын алым

19-тaraу. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алынатын алым жөніндегі жалпы ережелер

87-бап. Алым төлеушілер

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алым төлеушілер олардың эмиссиясын жүзеге асыратын занды тұлғалар болып табылады.

88-бап. Алым алу объектілері

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алым алушың объектісі барлық бағалы қағаздардың бастапқы және қосымша эмиссия кезіндегі жалпы нақты құны болып табылады.

20-тaraу. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алым төлеу

89-бап. Алым ставкалары

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіrkегені үшін алым бағалы

қағаздардың жалпы нақты құнынан:

бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын тіркеген кезде - 0,1 процент;

бағалы қағаздардың қосымша эмиссиясын тіркеген кезде - 0,5 процент мөлшерінде төленеді.

90-бап. Алым жөніндегі женілдіктер

Мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясы бойынша алым төленбейді.

91-бап. Алым сомасын белгілеу

Төлем жасаушылар бағалы қағаздардың жалпы нақты құнын және алым ставкаларын негізге ала отырып, алым сомасын дербес есептеп шығарады.

92-бап. Алым төлеудің тәртібі мен мерзімдері

1. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеген кезде әмитент тіркеуші органға алымның бюджетке тиесілі сомасын төлегенін растайтын құжат тапсыруға міндетті.

2. Әмитент Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ережелер мен тәртіпті бұза отырып жүзеге асырған бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеуден бас тартылған жағдайда төленген алым қайтарылмайды және бағалы қағаздар эмиссиясын кейінгі тіркеу кезінде есепке алынады.

93-бап. Төлеушінің жауапкершілігі

Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркегені үшін алымның бюджетке толық және уақтылы төлеуіне төлеуші жауап берді. Алымды есептеу мен төлеудегі тәртіп бұзушылық үшін төлеушілерге осы Жарлықта көзделген санкциялар қолданылады.";

94-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалануға бұрын жасалған келісім-шартты атқаруға жер қойнауын пайдаланушымен немесе оның құқықтық мұрагерімен жана келісім-шарт жасалған жағдайда, бұрынғы келісім-шарттың салық режимі сол жер қойнауы участкелерінде жер қойнауын пайдалануға жасалатын болашақ келісім-шарттағы салық режимін ішінара немесе толық көшіру көзделген шекте ғана қолданылады."

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарт бойынша салықтар мен төлемдерді есептеу мақсатында табыстар мен шегерімдерді жер қойнауын пайдалану жөніндегі аталған келісім-шарттың шеңберінен тыс қызмет жөніндегі табыстармен және шегерімдермен біріктіре алмайды.

Көп таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі келісім-шарттарда пайдалы қазбалардың басқа түрлерін өндіру көзделмеген жағдайда бұл ереже ондай келісім-шарттарға қолданылмайды.";

94-1-баптың 3-тармағында:

"тәртіп бойынша" деген сөздер "мөлшерде" деген сөзben ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының өнімді бөлу жөніндегі үлесін төлеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

94-3-баптың 2-тармағындағы "және салық органдарының" және "салық қызметі органы немесе" деген сөздер тиісінше "орган мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің" және "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және" деген сөздермен ауыстырылсын;

100-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алтын, күміс және платина бойынша роялти салу объектісі өндірілген металдың Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін халықаралық металл биржасында есепті кезеңдегі орташа сату бағасы бойынша есептелген құны болып табылады.

2. Бағалы металдар (осы баптың 1-тармағында аталғандарын қоспағанда) және асыл тастар бойынша роялти салудың объектісі өндірілген бағалы металдар мен асыл тастардың есепті кезеңдегі жанама салықтарды есепке алмағандағы орташа сату бағасы бойынша есептелген құны болып табылады.";

100-2-баптың 1-тармағы "есепті кезең ішіндегі" деген сөздерден кейін "жанама салықтар есепке алынбаған, сатылатын жеріне дейін тасымалдауға жұмсалатын нақты шығындар сомасына кемітілген" деген сөздермен толықтырылсын;

100-3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 100 және 100-1-баптарда көрсетілгендерін қоспағанда, қатты пайдалы қазбалар бойынша роялти салудың объектісі өндірілген пайдалы қазбалардың есепті кезеңде нақты өндірілген пайдалы қазбалардан алынған бірінші тауарлы өнімді сатудың жанама салықтар есепке

алынбаған орташа бағасы бойынша есептелген құны болып табылады.";

106-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншігінде немесе тұрақты пайдалануында жер участкесі бар занды және жеке тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады.";

112-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Елді мекендердің жерлеріне салынатын салықтың базалық ставкалары бір шаршы метр аланға есептеліп мынадай мөлшерде белгіленеді:

---

Елді мекеннің түрі      Тұрғын емес құры.    Тұрғын үй қоры  
лыстар, ғимараттар, алып жатқан жер.  
оларды ұстауға қа. лерге, олардың

жетті участеклер, жанындағы құры.  
 сондай-ақ обьекті. лыстар мен  
 лердің санитария. ғимараттарды  
 лық-қорғаушы қоса алғанда,  
 аймақтары, техни. теңгемен  
 калық және өзге салынатын салық  
 аймақтар алып ставкасы  
 жатқан жерлерге  
 теңгемен салынатын  
 салық ставкасы

#### Қалалар:

Алматы	15,00	0,2
Ақмола	10,00	0,2
Ақтау	5,00	0,2
Ақтөбе	3,50	0,2
Атырау	4,25	0,2
Тараз	4,75	0,2
Қарағанды	5,00	0,2
Қызылорда	4,50	0,2
Қостанай	3,25	0,2
Павлодар	3,00	0,2
Петропавл	3,00	0,2
Орал	3,00	0,2
Өскемен	5,00	0,2
Шымкент	4,75	0,2

#### Алматы облысы:

облыстық маңызы бар қалалар	3,50	0,2
аудандық маңызы бар қалалар	3,00	0,2

#### Ақмола облысы:

облыстық маңызы бар қалалар	3,00	0,2
аудандық маңызы бар қалалар	2,60	0,2

Облыстық маңызы бар басқа қалалар: облыс орталығы 0,2

үшін белгілен.

ген ставканың

85 проценті

Аудандық маңызы бар басқа қалалар: облыс орталығы 0,1

үшін белгілен.

ген ставканың

	75 проценті		
Поселкелер	0,50	0,07	
Селолар /ауылдар/	0,25	0,05	

---

123-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:  
 "4. Осы баптың 3-тармағының 1) - 5) тармақшаларында аталған  
 занды тұлғалар жерге салынатын салықтан оны пайдалануға немесе жалға  
 берген кезде босатылмайды. ";

128-бапта:  
 бірінші бөлік 1-тармақ болып есептелсін;  
 мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын;  
 "2. Көлік құралдарын пайдалану мерзіміне қарай жеңіл көлік  
 құралдарына салынатын салық ставкаларына мынадай түзету  
 коэффициенттері қолданылады:

1 жылдан 3 жылға дейін пайдалану - 2,0  
 3 жылдан 5 жылға дейін пайдалану - 1,5  
 5 жылдан артық пайдалану - 1,0  
 (ТМД елдері шығарған жеңіл көлік құралдарын қоспағанда)

ТМД елдері шығарған жеңіл көлік құралдарына:

5 жылдан 6 жылға дейін пайдалану - 1,0  
 6 жылдан артық пайдалану - 0,3. ";

132-баптың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кәсіпкерлік қызметпен айналысатын занды және жеке тұлғалардың, көлік  
 құралдарының салық салынатын көлік құралдарын қоспағандағы, негізгі қаражатының  
 қалдық құны;

2) жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, азаматтардың жеке  
 пайдалануындағы, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұрғын  
 үй-жайларының, саяжай құрылыштарының, гараждарының, өзге де құрылыштарының,  
 ғимараттарының, үй-жайларының құны.";

133-баптың 2-тармағында:  
 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
 "4) 3 000 000 теңгеден 4 000 000 теңгеге дейін 3 000 000 теңге тұратын  
 жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,3  
 проценті;";

мынадай мазмұндағы 5) - 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) 4 000 000 теңгеден 5 000 000 теңгеге дейін 4 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,4 проценті;

6) 5 000 000 теңгеден 6 000 000 теңгеге дейін 5 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,5 проценті;

7) 6 000 000 теңгеден 7 000 000 теңгеге дейін 6 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,6 проценті;

8) 7 000 000 теңгеден 8 000 000 теңгеге дейін 7 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,7 проценті;

9) 8 000 000 теңгеден 9 000 000 теңгеге дейін 8 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,8 проценті;

10) 9 000 000 теңгеден 10 000 000 теңгеге дейін 9 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 0,9 проценті;

11) 10 000 000 теңгеден және одан жоғары 10 000 000 теңге тұратын жылжымайтын мүлік құнына салынатын салық сомасы + одан асатын соманың 1 проценті.";

134-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"3) негізгі қызметінде пайдаланатын мүлкі бойынша Қазақстанның Ұлттық Банкі босатылады;";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағының 1) - 5) тармақшаларында аталған занды тұлғалар мүлікке салынатын салықты төлеуден оны пайдалануға немесе жалға беру кезінде босатылмайды.";

138-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қебінесе қолда бар ақшамен жұмыс істейтін және тауарлар сату, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету бойынша айналымы шектеулі, сондай-ақ оларда жұмыс істейтін қызметкерлердің саны шектеулі жеке және занды тұлғалар бойынша салық қызметі тиісті қаржы органдарымен келісе отырып, қызмет түрлерінің тізбесін (шаруа, фермер қожалықтарын және ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қоса алғанда) және патент негізінде салық төлеу тәртібін белгілейді.

Патент құнына салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ мемлекет алдындағы өзге де қаржылық міндеттемелерді қамтитын тіркелген жиынтық салық кіреді.";

2-тармақта:

"Бухгалтерлік" деген сөздің алдынан "салықтық және" деген сөздермен толықтырылсын.

мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Тиеп жөнелту құжаттарының, сондай-ақ салықтық есеп-фактуралардың дұрыстығы үшін тауар жеткізіп беруші (жұмыс орындаушы, қызмет көрсетуші) жауап береді.";

5-тармақтағы "немесе төрелік соттың" деген сөздер алып тасталсын;

142-бапта:

баптың атавы "құқығы" деген сөзден кейін "және міндеттері" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлік 1-тармақ болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Салық төлеуші:

1) табыс етілген жазбаша нұсқау негізінде салық қызметі органдары қызметкерлерінің талап етуі бойынша салықты және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты есеп құжаттамасы мен мүлікті тексеруге ұсынуға;

2) табыс етілген жазбаша нұсқау негізінде салық қызметі органдары қызметкерлерін табыс алу үшін пайдаланылатын не салық салынатын объектілерді ұстаяға байланысты пайдаланылатын өндірістік, қойма, сауда, өзге де үй-жайларды және көлікті тексеруге жіберуге;

3) колда бар ақшамен жұмыс істеген кезде операцияларды фискальды зердесі бар бақылау-касса аппараты және компьютерлік жүйелер арқылы, сатып алушы-тұтынушыға бақылау чегін беретін фискальды карталарды пайдалана отырып жүргізуге міндетті.

Бақылау-касса аппараттары мен фискальды карталарды қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

143-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салық төлеушілер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті актілеріне сәйкес салық есебі бойынша құжаттама жүргізуге міндетті.

2. Салық төлеушілер салық есебі жөніндегі құжаттаманы қағаз, электрондық немесе магниттік көздерде бес жыл бойы сақтауға міндетті.";

147-бапта:

2-тармақшаның екінші азатжолындағы "банкілік 10 күн ішінде салық қызметі органдары инкассалық тапсырмаларды (өкімдерді) түсіргеннен кейін келесі күннен бастап" деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жазбаша сұратып алу негізінде белгілі бір кезең ішінде банк шоттарымен жасалған операциялар туралы, тексеріліп отырған салық төлеушінің шоттарында ақшаның бар-жоғы туралы, оның өткен жыл ішіндегі қаржы операциялары туралы және сыйақы (мұдде) ставкасын белгілеу туралы Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгілеген нысан мен мерзімде салық қызметі органдарына ақпарат табыс етуге міндettі."

152-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мәжбүрлі түрде таратылатын банктердің кредит берушілеріне банктің таратылуына байланысты пайда болған салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді уақтылы төлемегені үшін айыппұлдар мен өсімақылар банкті мәжбүрлі тарату басталғанын растанайтын ресми құжат күшіне енген кезден бастап есептелмейді.";

155-баптың 2-тармағы "мұлік" деген сөзден кейін "алынып қойылады не" деген сөздермен толықтырылсын;

163-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Есептік құжаттамада тауарларды (жұмысты, қызметті) есепке алу мен сату жөніндегі операцияларды көрсетпегені үшін аталған тауарлар (жұмыс, қызмет) құнының 100 проценті мөлшерінде айыппұл салынады.";

165-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Салық органдарының шешімдеріне шағымдану олар есептеген салықтардың сомалары мен айыппұл санкцияларын өндіріп алуды тоқтатпайды;

Соттың шешімі бойынша негізсіз өндіріп алынған сома салық төлеушіге оларды салық органдары өндіріп алған кезден бастап әр күн үшін бұл сома төленген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген ресми ставкасы мөлшерінде өсім есептеле отырып үш күн ішінде қайтарылады.";

167-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"167-бап. Салық қызметінің мәртебесі мен құрылымы

1. Салық қызметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетінен, Салық полициясы департаментінен және олардың аумақтық органдарынан тұрады.

Салық комитетінің органдарына салық зандары мен мемлекеттік бюджетке төлемдердің тұсуін, мемлекеттің алдындағы басқа да қаржы міндettемелерін көздейтін басқа да зан актілерінің негізінде барлық деңгейдегі бюджеттерге салық және басқа да

міндettі төлемдер жинаудың толықтығы үшін жауапкершілік жүктеледі.

Салық полициясы зандарда белгіленген шектерде қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және оларды тыю, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру жөніндегі арнаулы құқық қорғау органы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі салық полициясы органдарының жедел іздестіру және қылмыстық іс жүргізу қызметінен басқа салық қызметі органдарына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

3. Салық қызметінің құрылымына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті, облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық комитеттері, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық полициясы департаменті, облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармалары, салық полициясының ауданараптық (аймақтық) бөлімдері немесе аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициясы бөлімдері кіреді.

Салық қызметінің аумақтық органдары төменнен жоғары қарай тікелей салық қызметінің тиісті жоғары тұрған органына бағынады және жергілікті атқарушы органдарға кірмейді.

4. Салық комитетін Төраға басқарады, оны қызметке - Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оның орынбасарларын Салық комитеті Төрағасының ұсынуы бойынша Қаржы министрі тағайындаиды.

5. Облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық комитеттерінің төрағалары мен олардың орынбасарларын, аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша салық комитеттерінің төрағаларын қызметке Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі тағайындаиды.

Салық комитеті орталық аппаратының қызметкерлерін қызметке Төраға тағайындаиды.

Облыстық және аудандық салық комитеттерінің қызметкерлерін қызметке облыстық салық комитетінің төрағасы тағайындаиды.

6. Салық полициясының департаментін Директор басқарады, оның қызметке Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оның орынбасарларын және облыстар мен Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармаларының бастықтарын Салық полициясы департаменті Директорының ұсынуы бойынша Қаржы министрі тағайындаиды.

Салық полициясы департаменті орталық аппаратының қызметкерлерін, облыстар мен Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармасы бастықтарының орынбасарларын, ауданараптық (аймақтық) салық полициясы бөлімдерінің немесе қалалар, аудандар және қалалардағы аудандар бойынша салық полициясы бөлімдерінің бастықтарын қызметке Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігінің Салық полициясы департаментінің Директоры тағайындауды.

Салық полициясы облыстық және қалалық басқармаларының, ауданааралық (аймақтық), аудандық бөлімдерінің қызметкерлерін облыстар мен Ақмола және Алматы қалалары бойынша салық полициясы басқармаларының бастықтары тағайындауды.

7. Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Салық полициясы департаменті туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Барлық денгейдегі салық қызметі органдары заңды тұлғалар болып табылады, бланкілері мен белгіленген үлгідегі мөрлөрі болады, сондай-ақ банктерде шоттары болуы мүмкін.

9. Салық қызметі органдары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталады"; 169-бап мынадай мазмұндағы алтыншы азатжолмен толықтырылсын:

"заңды және жеке тұлғалардың салық төлемеуге байланысты не кірістерін жасыру немесе төмендетіп көрсету мақсатымен жасаған қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарын, салық салу объектілерін жасыруын, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуден өзге де жалтарушылықты, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдердің түспеуіне немесе толық түспеуіне байланысты мемлекетке шығын келтіруге әкеп соққан өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықты анықтау және оларды болдырмау, сондай-ақ мемлекет алдындағы басқа да қаржы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету.";

171-бапта:

1-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

3) 3-тармақшадағы "Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігінің" деген сөздер "мемлекеттік статистикаға басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4), 7), 9), 10), 11), 12), 14); тармақшалар алып тасталсын;

3), 5), 6), 8), 13) тармақшалар тиісінше 2) - 6) тармақшалар болып есептелсін; мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) дивидендтерді есептеудің дұрыстығын және оларды мемлекеттік акциялардың пакеті бар акционерлік қоғамдардың уақтылы төлеуін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.";

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-4-тармақтармен толықтырылсын:

"2. Салық комитеті органдары:

1) салық төлеушілер мен салық салынатын объектілерді уақтылы есепке алуды қамтамасыз етуге, бюджетке есептелетін және төленген салықтардың есебін жүргізуге;

2) осы Жарлықтың 151-бабының ережелеріне сәйкес төлемшілерге салықтың есептелген сомасына қарағанда артық төленген сомаларды қайтаруға;

3) декларациялардың және салықтарды есептеу мен төлеуге байланысты өзге де

күжаттардың нысандарын әзірлеуге;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген нысан мен мерзімдерде салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдердің сомалары туралы қаржы органдарына есептер беріп отыруға;

5) зандарда белгіленген жағдайларда салық полициясы органдарына материалдар беруге міндettі.

### 3. Салық полициясы органдары:

1) занда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша салықтардың төленбеуіне, салық салынудан жалтаруға немесе мемлекеттің алдындағы басқа да қаржы міндettемелерінің орындалмауына байланысты қылмыстарды табу және тергеу мақсатында жедел іздестіру әрекеттерін, анықтауды жүргізуге;

2) занды және жеке тұлғалардың салық төлемеуіне байланысты не кірістерін қысқартып немесе төмендетіп көрсету, салық салынатын объектілерді жасыру мақсатымен жасаған қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарын, салықтар мен бюджетке басқа да төлемдерді төлеуден өзгеше түрде жалтаруын, сондай-ақ салықтар мен бюджетке басқа да төлемдердің түспеуіне немесе толық түспеуіне, мемлекет алдындағы қаржы міндettемелерінің орындалмауына байланысты мемлекетке шығын келтіруші әкеп соқтырған өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды табуға және оларды тыюға;

3) салық қызметі органдарындағы жемқорлық фактілерінің алдын алуға, оларды анықтауға және тыюға;

4) өз құзыреті шегінде салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін, оның қызметкерлерін қызметтегі міндettтерін орындау кезінде қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қоргауды қамтамасыз етуге;

5) салық төлеуден, мемлекет алдындағы басқа да қаржы міндettемелерін орындаудан, міндettі зейнетақы жарналарын толық және уақытылы аударудан жалтарған, олар жөнінде мемлекеттің алдындағы борышы туралы, міндettі зейнетақы жарналарын толық және уақытылы аудармағаны не декларациялар беруден жалтарғаны туралы мәліметтер түскен жеке және занды тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыруға міндettі.

4. Осы Жарлықты қолдану жөніндегі актіні Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті әзірлейді және бекітеді.;"

172-бапта:

1) тармақша "пен басқа да төлемдерді есептеу мен төлеуге байланысты" деген сөздерден кейін "және мемлекет алдындағы өзге де қаржы міндettемелерін, сондай-ақ міндettі зейнетақы жарналарын толық және уақытылы аудару жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "Ұйымдардың басшылары мен азаматтар салық қызметі органдарының лауазымды адамдарын аталған үй-жайларды тексеруге жіберуден бас

тартқан жағдайда салық инспекциялары мұндай субъектілердің салық салынатын табысын олардың табыс алып отырғанын дәлелдейтін құжаттар негізінде анықтауға құқылы" деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) анықталған салық заңдарының бұзылуын жою туралы талаптарды орындаған, тексеріске және тексерулерге рұқсат етпеген, салық қызметіне есептерді, декларацияларды және табыс түсіруге салық салынатын объектілерді ұстауға, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеу мен төлеуге және мемлекет алдындағы өзге де қаржы міндеттемелеріне байланысты басқа да құжаттарды бермеген жағдайларда, сондай-ақ міндетті зейнетакы журналарын толық және уақытылы аудармауы, анықталған тәртіп бұзушылықтарды жойғанға дейін салық қызметтерінің талап етуі бойынша қаржы есептерін ұсынбауы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен азаматтардың банктердегі және өзге де ұйымдардағы банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата туруға. Салық заңдарының бұзылғандығы фактілері аңғарылған жағдайда салық қызметі органдарының төлеушіге алынғандардың тізбесі бар актінің көшірмесін тапсыра отырып, оны куәландыратын құжаттарды, ақшалай және материалдық қаражатты алып қоюға құқыбы бар;";

9) тармақшада: "хаттамалар" деген сөз "салық қызметі органының басшысы немесе оның орынбасарлары бекітетін актілер (хаттамалар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшадағы "мұрсат беруге" деген сөздер "салық органдары мұрсат береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшадағы "171-бабының 10-тармағына" деген сөздер "171-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

176-бапта:

7-тармақта:

бірінші азатжолдағы "салық қызметі органдарының салық полициясы бөлімшелерінің" деген сөздер "салық полициясы органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы мен басқа да лауазымды адамдары" деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақта:

"бөлімшелерінің" деген сөз "органдарының" деген сезбен ауыстырылсын;

178-бапта:

баптың атауындағы 1-тармағының бірінші азатжолы мен 2-тармағының бірінші азатжолындағы "қоры" және "қорын" деген сөздер тиісінше "қорлары" және "қорларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің

Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат);

83-баптағы "салықтар алудан толық босату" деген сөздер "салықтардан босату, сондай-ақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

89-бапта:

баптың атауындағы "кеден бажын" деген сөздерден кейін "және салық салуды" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "кеден бажынан" деген сөздерден кейін "және салықтардан" деген сөздермен толықтырылсын;

90-бапта:

бірінші, екінші және үшінші бөліктеріндегі "кеден бажы" және "кеден бажынан", "кеден бажының" деген сөздерден кейін "және салықтан", "және салықтың" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлігі алып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заң құші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; 1997 жылғы 17 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

бірінші бөліктегі "кеден бажымен" деген сөздер "және салықтармен" деген сөздермен толықтырылсын;

20-баптың 3-тармағының в) тармақшасының "күнге дейін" деген сөздер "күннен кейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

43-баптың 2-тармағындағы "қарыздарды" деген сөз "талаптарды" деген сөзben ауыстырылсын;

48-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

7. 1997 жылғы 8 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Жеке кәсіпкерлік туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында:

21-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке кәсіпкер салық зандарына сәйкес патент негізінде салықтың тіркелген сомасын төлеуге құқылы.".

2-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығының 153-бабының қолданылуы 2001 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, бұл орайда мемлекеттік бюджет

алдындағы берешектерді өтеудің мынадай кезектілігі белгіленсін:

- 1) салық сомасы;
- 2) есептелген өсімақылар;
- 3) есептелген айыппұлдар.

3-бап. Осы Заң 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізіледі, бұған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 165-2-бабы мен Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Заң күші бар Жарлығының 142-бабының 2-тармағының 3) тармақшасы қосылмайды, олар 1998 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті